

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының
«Б. Майлин атындағы тарихи-өлкетану музейі» КММ қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері
бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Әйет а.

2026 жыл 20 маусым

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Б. Майлин атындағы тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Мекеме) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі (бұдан әрі – Талдау) Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Б. Майлин атындағы тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Мәдениет басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында басшының №15 бұйрығымен жұмыс тобы құрылып, оның құрамы бекітілді.

Жұмыс тобының құрамы:

1. Рудик Светлана Алексеевна – мекеме басшысы;
2. Ерғазиева Айжан Серікқызы – бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
3. Граф Елена Владимировна – Бейімбет Майлин ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшесі;
4. Айсағалиева Дариға Русланқызы – музей маманы;
және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге тартылған мамандар:
5. Назаров Еркін Әуесханұлы – Бейімбет Майлин ауданы ішкі саясат бөлімінің Жастар ресурстық орталығының басшысы;
6. Ержанова Ботагөз Серікбайқызы – Бейімбет Майлин ауданы әкімдігі мәдениет бөлімінің Е. Өмірзақов атындағы аудандық мәдениет үйінің басшысы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: 2026 жылғы 12 мамырдағы №15 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрық.

Мекеме қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жылғы 20 мамырдан 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- объектінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- объектінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Мекеме қызметіне қатысты құқықтық актілерді талдау:

Музей қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 «Мәдениет туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Тарихи-мәдени мұра объектілерін пайдалану туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, сондай-ақ музей ісі, бухгалтерлік есеп, қаржы-шаруашылық қызмет және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Нормативтік құқықтық актілерге жүргізілген ішкі талдау барысында музейдің халықтан көне жәдігерлерді немесе бейнелеу өнері туындыларын сатып алу тәртібін құқықтық реттеу мәселесінің жеткіліксіздігі анықталды. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес музей қорын толықтыру мақсатында жеке тұлғалардан экспонаттар мен өзге де құнды бұйымдарды сатып алу мүмкін емес.

Аталған Заңның 39-бабының 44 тармақшасында «Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздері» ретінде мемлекеттік музей, кітапхана және архив қорларын толықтыруға арналған мәдени құндылықтарды, оның ішінде музей заттары мен музей коллекцияларын, сирек және құнды басылымдарды, қолжазбаларды, тарихи, көркемдік немесе өзге де мәдени маңызы бар архивтік құжаттарды сатып алу көзделген. Алайда бұл норма мемлекеттік сатып алу веб-порталында тіркелген заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге ғана қолданылады. Музей қорларын қалыптастыруға қатысты өзге нормативтік құжаттарда жоғарыда аталған субъектілер қатарына жатпайтын жеке тұлғалардан көне жәдігерлерді ақылы негізде сатып алу тетігі қарастырылмаған. Талдау нәтижесінде аталған бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мекеме қызметі Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасымен келісілген және Мекеме басшысы бекіткен жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 қыркүйектегі №397 қаулысымен бекітілген Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының

«Б. Майлин атындағы тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге сәйкес, Мекеме қызметінің мәні музей коллекциялары мен музей заттарын сақтау, зерттеу және көпшілікке таныстыру болып табылады. Сондай-ақ Мекеме мәдени, білім беру және ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асырып, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын насихаттауды қамтамасыз етеді.

Мекеме қызметіне қатысты Ереженің және музейдің жылдық жұмыс жоспарының орындалуына жүргізілген талдау нәтижесінде барлық тармақтардың толық орындалғаны анықталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен заң бұзушылықтар **анықталған жоқ**.

II. Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін талдау

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы:

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасы басшысы 2024 жылғы 1 қаңтарға бекіткен штаттық кестеге сәйкес Мекемеде 10 штат бірлігі қарастырылған.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Мекеме қызметкерлерінің нақты саны 10 адамды құрады.

2024 жылдың екінші жартыжылдығында музейдегі кадрлардың ауысуы келесідей болды: жұмысқа қабылданғандар – 2 адам, жұмыстан босатылғандар – 2 адам (қызметкердің өз қалауы бойынша), 1 қызметкер бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалысқа шықты.

Талданатын кезеңде бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурстық рәсімдер өткізілген жоқ.

Бос жұмыс орындарының болуы туралы ақпарат «Электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталы арқылы орналастырылды.

Талданатын кезеңде Мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданылған жоқ.

Мекеменің 2024 жылғы 30 қаңтардағы №5 «Аттестаттауды өткізу туралы» бұйрығына сәйкес, мәдениет саласындағы мемлекеттік ұйымдардың азаматтық қызметшілерін аттестаттау 2024 жылғы 5 шілдеде өткізілді. Аттестаттауды өткізу кестесінде екінші жартыжылдықта аттестаттаудан өтетін қызметкер айқындалды. Аттестаттау өткізілгенге дейін бір ай бұрын қызметкерге тиісті хабарлама тапсырылды. Аттестаттау қорытындылары 2024 жылғы 5 шілдедегі аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасымен рәсімделді.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасы басшысы 2025 жылғы 1 қаңтарға бекіткен штаттық кестеге сәйкес Мекемеде 10 штат бірлігі қарастырылған.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Мекеме қызметкерлерінің нақты саны 11 адамды құрады. Оның ішінде 1 қызметкер бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болды, ал негізгі қызметкердің уақытша болмау кезеңіне 1 адам жұмысқа қабылданды.

2025 жылы музейдегі кадрлардың ауысуы келесідей болды: жұмысқа қабылданғандар – 4 адам, жұмыстан босатылғандар – 4 адам (қызметкердің өз қалауы бойынша), 1 қызметкер бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болды.

Мекеме қызметкерлеріне жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы бекітілген демалыс кестесіне және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес берілді. Қызметкерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беруден бас тарту фактілері **анықталған жоқ**.

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары мен қызметтік тізімдері атқарып отырған лауазымдарына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан зерделенді.

Талдау нәтижесінде Мекеме қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша бұзушылықтар **анықталған жоқ**.

2025 жылғы мамыр айынан бастап Мекемеде қызметкерлерді басқару процестерін автоматтандыру мақсатында БКЖ (бірыңғай кадрлық жүйе) енгізілді. Аталған жүйеде қызметкерлердің жеке істерін жүргізу, еңбек өтілін есепке алу, демалыстар мен еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын тіркеу, сондай-ақ Мекеменің кадрлық қозғалысын есепке алу бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

Мекеме қызметкерлері тарапынан жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі келтіретін қандай да бір заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) **анықталған жоқ**.

Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін талдау

Мекемеде құжаттармен жұмыс Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Кіріс және шығыс құжаттар, сондай-ақ Мекеменің ішкі құжаттары (бұйрықтар, жоспарлар, есептер және т.б.) істер номенклатурасына сәйкес рәсімделген, тиісті журналдарда тіркеледі және белгіленген тәртіппен папкаларда сақталады. Ішкі нормативтік құжаттаманың жай-күйі қолданыстағы талаптарға сәйкес келеді. Талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

Ақпараттық жүйелерді талдау

2024 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2025 жылдың толық кезеңінде жеке тұлғалардан «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 4 өтініш келіп түсті. Оның ішінде 3 өтініш қаралды, 1 өтініш құзыретті органға жолданды. Өтініштерді қарау барысында заңнама талаптарының бұзылу фактілері **анықталған жоқ**.

Қызметкерлерді оқыту

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №125 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларына, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру

ұйымдарына қойылатын талаптарға» сәйкес, 2025 жылғы 22–27 қыркүйек аралығында Мекеме қызметкері Ақмола облысы Бурабай ауылында өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау саласындағы кәсіби құзыреттілікті дамытуға және ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған өңірлік семинарға қатысты. Сонымен қатар, 2025 жылғы қазанда қызметкер онлайн-платформада «Кадрлық процестерді автоматтандыру және заманауи HR-құралдары» тақырыбы бойынша көлемі 16 академиялық сағатты құрайтын оқу курсынан өтті.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Мекеме қызметіне жүргізілген талдау нәтижесінде бұрын қылмыстық құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері, сондай-ақ Мекеме қызметінде мүдделер қақтығысы жағдайлары **анықталған жоқ.**

Мемлекеттік қызметтер көрсету

Мекеме туралы Ережеге сәйкес Мекеме мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Тәртіптік практика

Мекеме қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған. Әкімшілік қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған.

Азаматтық қызметшілер Әдеп кодексінің талаптарын бұзған жоқ. Тәртіптік жаза қолдану фактілері **анықталған жоқ.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

Мекеме ғимаратында мемлекеттік қызметтің оң имиджін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық материалдар орналастырылған ақпараттық стендтер рәсімделген. Мекеме қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызметі бойынша жеке консультациялар өткізіліп тұрады. Музей қызметкерлеріне азаматтық қызметкерлердің қызметтік әдебі қағидаларының талаптары таныстырылды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес әкімшілік азаматтық қызметшілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдады. Мекеме қызметкерлерінің аталған шектеулерді сақтамау фактілері **анықталған жоқ.**

Қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1) 2024 жылға арналған Мекемені қаржыландыру көлемі 33 870 000,0 теңгені құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 33870,0 теңге игеріліп, бұл 100 пайызды құрады. 2025 жылға арналған Мекемені қаржыландыру көлемі 38000,00 теңгені құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 38000,00 теңге игеріліп, бұл 100 пайызды құрады.

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 193-бабына сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметлерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысымен реттеледі. Еңбекақы төлеу штаттық кесте мен жұмыс уақытын есепке алу табелі негізінде жүргізіледі.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша талданатын кезеңде жалпы сомасы 435,8 мың теңгеге 10 еңбекке уақытша жарамсыздық парағы төленді. Сондай-ақ еңбек демалысы ақысы мен сауықтыру жәрдемақысын төлеу бойынша жалпы сомасы 4 350,1 мың теңгеге 19 бұйрық рәсімделді.

Іссапар шығындарын төлеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 127-бабына сәйкес қызметкерді қызметтік қажеттілікке байланысты іссапарға жіберу туралы тиісті акт шығарылады. Шығындарды өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 және 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулыларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкер мекеме басшысының атына қызметтік жазба ұсынады. Талданатын кезеңде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы қағидаларға сәйкес Мекеме басшысының іссапарға жіберу туралы 7 бұйрығы негізінде 209,6 мың теңге төленді. Талдау нәтижесінде қаржы-шаруашылық қызмет саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

2025 жылғы 1 қаңтардан 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі талданатын кезеңде Қостанай облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Мекеменің қаржылық есептілігіне қарсы тексеру жүргізеді, оның нәтижесінде бұзушылықтар мен кемшіліктер **анықталған жоқ**.

Мемлекеттік сатып алу

Мекеме мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүргізіледі, бұл әлеуетті өнім берушілермен тікелей байланысты болдырмайды. Шарттарды электрондық форматта жасасу сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы толық әрі шынайы ақпараттың веб-порталда жариялануын қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады. Мемлекеттік сатып алу жоспары веб-порталда уақтылы орналастырылады. 2024 жылдың екінші жартыжылдығында мемлекеттік сатып алу жоспары 13 тармақ бойынша орындалып, жалпы сомасы 1 937,352 мың теңгені құрады. 2025 жылғы 31

желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталында жалпы сомасы 4 461,724 мың теңгеге 29 жоспар тармағы көзделген.

Талданатын кезеңде өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауға мәжбүрлеу, тауарлардың немесе орындалған жұмыстардың кемшіліктерін жою, сондай-ақ өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап-арыздар сот органдарына жолданған жоқ. Шарттық міндеттемелердің тиісінше орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алу туралы талаптар қойылған жоқ.

Ішкі талдау нәтижесінде мемлекеттік сатып алуға Мекеме басшысының жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары болып табылатын әлеуетті өнім берушілердің қатысу фактілері **анықталған жоқ**.

Мекеме бюджетінің орындалуы міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржылық есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығына сәйкес бюджет бағдарламаларының әкімшісіне (Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасы) уақтылы ұсынылады.

Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Мекеме музейдің қызметі туралы ақпаратты тұрақты негізде ресми интернет-ресурстарда (*Мекеменің ресми сайты, Instagram және Facebook*) әлеуметтік желілер парақшаларында орналастырып отырады. Жарияланған ақпараттың барлығы ашық қолжетімділікте орналасқан. Талдау барысында бұзушылықтар **анықталған жоқ**.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Талданатын кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг жүргізілген жоқ.

Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

Мекеме бақылау және рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

Қадағалау органдарының тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

2024 жылдың II жартыжылдығында және 2025 жылдың бүкіл кезеңінде қадағалау органдары тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

Фискалдық органдардың тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Талданатын кезеңде фискалдық органдар тарапынан Мекемеге қатысты тексеру сипатындағы іс-шаралар жүргізілген жоқ.

2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі талданатын кезеңде Мекеменің қаржылық есептілігіне қарсы тексеру (аудит) жүргізілді. Тексеру нәтижесінде бұзушылықтар мен кемшіліктер **анықталған жоқ**.

БАҚ пен өзге де ақпарат көздеріне мониторинг жүргізу

Талданатын кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және өзге де ақпарат көздерінде Мекеме қызметіне қатысты беделіне нұқсан келтіретін немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайларға тікелей меңзейтін жарияланымдар **анықталған жоқ**.

Осы талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді. Талдау нәтижелері бойынша **келесі ұсынымдар** берілді:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларға жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының профилактикасын насихаттау жұмыстарын тұрақты негізде жүргізу;

- Мекеме қызметінде заңнама нормаларының қолданылуына талдау жүргізіп, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына алғышарт болатын қайшылықтар мен олқылықтарды анықтау және жою жөнінде шаралар қабылдау;

- ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан өңір тарихына, Қазақстан халқының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәдени құндылықтарды ақылы негізде сатып алу мәселесін шешу үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

- бос жұмыс орындарын уақтылы толықтыру бойынша шаралар қабылдау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы аналитикалық анықтама және оларды жою жөніндегі ұсынымдар Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Б. Майлин атындағы тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысымен қаралып, Мекеме қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет
басқармасының «Б. Майлин атындағы тарихи-
өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің (бұдан әрі – мәдениет мекемесі)
басшысы, топ жетекшісі;



Рудик С.А.

Келісілді:

Жұмыс тобының мүшелері:

Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;



Ергазиева А.С.

Бейімбет Майлин ауданы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі;



Граф Е.В

Музей маманы;




Айсағалиева Д.Р.

Бейімбет Майлин аудан әкімдігінің ішкі
саясат бөлімінің «Жастар ресурстық
орталығы» КММ басшысы



Назаров Е.А

Бейімбет Майлин аудан әкімдігінің мәдениет
бөлімінің «Е.Өмірзақов атындағы аудандық
мәдениет үйінің» басшысы



Ержанова Б.С

Қостанай облысы әкімдігі
мәдениет басқармасының «Б. Майлин атындағы
тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің басшысы



Рудик С.А